

## **"К-Telco" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы**

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 24 сәуірдегі № 75 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 18-бабы 5-1-тармақшасына және 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабына сәйкес, Мақат ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "К-Telco" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Мақат ауданындағы өндірістік және әлеуметтік объектілерді интернетпен қамтамасыз етуге арналған талшықты-оптикалық байланыс желісінің құрылысын салу және пайдалану үшін жер пайдаланушылардан және меншік иелерінен жер учаскелерін алып қоймастан, ұзындығы 3,50 км, ауданы 0,3 га жер телімдеріне шектеулі нысаналы пайдалану құқығына 15 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау осы салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Р. Ибрагимов*